Ұлытау облысының «Экономика басқармасы» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Жезқазған қ.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес және Ұлытау облысының Экономика басқармасы басшысының 2026 жылғы 24 тамыздағы № 29/2 бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері *(бұдан әрі – Жұмыс тобы)* төмендегі құрамда:

Жаманов М.Т. – Ұлытау облысының «Экономика басқармасы» ММ бюджетті жоспарлау және құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын болжау бөлімінің басшысы *(Жұмыс тобының жетекшісі)*;

Омарова К.Ш. – Ұлытау облысының «Экономика басқармасы» ММ экономика салаларының шығыстарын, бюджеттік инвестицияларды жоспарлау бөлімінің басшысы;

Базылова Қ.К. – Ұлытау облысының «Экономика басқармасы» ММ әлеуметтік шығыстарды жоспарлау бөлімінің бас маманы;

Абдыбекова А.А. – Ұлытау облысының «Экономика басқармасы» ММ стратегиялық жоспарлау, экономикалық талдау және аумақтарды дамыту бөлімінің бас маманы Ұлытау облысының «Экономика басқармасы» ММ қызметіне 2026 жыл бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жоспарлы кезеңге арналған облыстық бюджет жобасын әзірлеу, тиісті қаржы жылына арналған бюджетті нақтылау, бекіту және түзету жөнінде ұсыныстар енгізу бөлігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілді.

Талдау үшін Қазақстан Республикасының басқарма қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілері, қызметкерлердің функционалдық міндеттері, хат-хабарлар, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де материалдар негізге алынды.

1. Жалпы мәліметтер

«Ұлытау облысының Экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі облыстың әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын қалыптастыру, бюджеттік саясатты іске асыру, өңірлік даму және бюджеттік жоспарлау салаларында қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган болып табылады.

Басқарманың қолданыстағы штаттық құрылымында 18 штат бірлігі көзделген. Басқарма құрамына төрт құрылымдық бөлімше кіреді:

1. Стратегиялық жоспарлау, экономикалық талдау және аумақтарды дамыту бөлімі;
2. Экономика салаларының шығыстарын, бюджеттік инвестицияларды жоспарлау бөлімі;
3. Бюджетті жоспарлау және құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын болжау бөлімі;
4. Әлеуметтік шығыстарды жоспарлау бөлімі.

Басқарманың негізгі функцияларының бірі облыстық бюджетті жоспарлау болып табылады. Оның ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау, бюджет жобасын әзірлеу, бюджетті нақтылау және түзету, кірістер мен шығыстарды жоспарлау, сондай-ақ бюджеттік комиссияның жұмысына қажетті материалдарды дайындау көзделген.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың басынан бастап басқармаға «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 25 өтініш келіп түсті, олардың барлығына белгіленген мерзімдерде жауаптар берілді.

2026 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында облыстық бюджетке 3 нақтылау және 4 түзету жүргізілді. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің барлық бюджеттік сұраулары мен бюджеттік паспорттары белгіленген мерзімдерде қаралды. Сонымен қатар басқарма облыстық бюджет комиссиясының 7 отырысын ұйымдастырды.

2. Негізгі нормативтік құқықтық құжаттар:

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VIII Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) кодексі;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 151 «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 185 «Бюджеттік өтінімді жасау, ұсыну, қарау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 208 «Бюджетті жоспарлау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

3. Бюджеттік жоспарлау процесінің ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес бюджеттік жоспарлау бюджет жүйесінің қағидаттарын сақтауға негізделген бюджетті әзірлеу, қарау, бекіту, нақтылау, түзету және секвестрлеу жөніндегі іс-шаралар кешенін білдіреді.

Осы процесс шеңберінде Басқарма бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қабылдауды және қарауды, олардың негізділігі мен белгіленген лимиттерге сәйкестігін талдауды, бюджеттік комиссияның қарауына арналған материалдарды дайындауды, облыстық бюджет жобасын әзірлеуді, сондай-ақ бюджетті нақтылау және түзету жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.

Облыстық бюджетті қалыптастыру кезінде бюджетке түсетін түсімдердің болжамды көлемін, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстарға қажеттілігін, жоспарланған іс-шаралардың негізділігін және бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың нақты жай-күйін ескеру қажет.

Осылайша, бюджеттік жоспарлау процесі ақпараттың едәуір көлемін жинауды, жүйелеуді, салыстыруды және талдауды, есептік көрсеткіштердің дұрыстығын тексеруді және белгіленген мерзімдерде негізделген шешімдер қабылдауды көздейді.

4. Бюджеттік жоспарлау процесіндегі ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1. Жоғары жұмыс жүктемесіне байланысты бюджеттік өтінімдерді қарау және бюджет жобасын әзірлеу кезінде қателіктерге жол беру тәуекелі.

Қазіргі уақытта бюджетті жоспарлау және құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын болжау бөлімі бір мезгілде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарауды, олардың негізділігін талдауды және бюджет жобасын әзірлеуге қатысуды жүзеге асырады. Бұдан бөлек, бюджетті нақтылау және түзету кезінде есептік және талдамалық жұмыстардың едәуір көлемі орындалады.

Аталған міндеттерді бір мезгілде орындау бюджеттік өтінімдерді жан-жақты қарауға, ұсынылған есептердің дұрыстығын тексеруге және бюджет жобасының көрсеткіштерін салыстыруға қажетті уақыт пен ресурстардың шектелуіне әкелуі мүмкін.

Нәтижесінде бюджеттік өтінімдерді қарау немесе бюджет жобасын қалыптастыру кезінде есептік қателіктерге жол беру, шығыстардың негізділігін жеткіліксіз бағалау және бюджеттік көрсеткіштер арасында сәйкессіздіктердің туындау ықтималдығы бар.

Мұндай жағдайлар бюджет қаражатын бөлу жөніндегі шешімдердің сапасына теріс әсер етуі, қателіктерді түзету кезінде адами фактордың ықпалын арттыруы және жекелеген бюджеттік өтінімдерді қарау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына алғышарттар қалыптастыруы мүмкін.

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын өзекті емес немесе дәйексіз ақпаратты пайдалану тәуекелі.

Бюджетті жоспарлау кезінде ақпараттың негізгі көздерінің бірі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын мәліметтер болып табылады. Сонымен бірге ақпараттың уақтылы жаңартылмауы, оның нақты жағдайға сәйкес келмеуі немесе құжаттамалық растаудың жеткіліксіздігі бюджет қаражатына нақты қажеттілікті объективті бағалауды қиындатады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау кезінде ақпараттың өзектілігі ерекше маңызға ие. Оның ішінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу мәртебесі, мемлекеттік сараптаманың қорытындылары, құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысы, жасалған шарттар мен олардың сомалары, мердігерлер туралы мәліметтер және жобаларды іске асыруға қатысты өзге де мән-жайлар ескеріледі.

Егер көрсетілген мәліметтер жобаларды іске асырудың нақты жай-күйін көрсетпесе, олардың нақты іске асырылу барысы мен жоспарланған қаржыландыру көлемдері арасында сәйкессіздіктер туындауы мүмкін. Бұл шығыстарды нақты қажеттілікке сәйкес жоспарлауды қиындатады және қосымша түзетулер енгізу қажеттілігіне әкелуі мүмкін.

Бұдан басқа, ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын жеткіліксіз тексеру шешім қабылдау процесінің жекелеген лауазымды тұлғалар ұсынған мәліметтерге тәуелділігін арттырады, адами фактордың ықпалын күшейтеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына алғышарттар қалыптастыруы мүмкін.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі ұсыныстар

Көрсетілген ықтимал тәуекелдерді барынша азайту, бюджеттік жоспарлаудың сапасын арттыру және басқару процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Басқарманың құрылымдық бөлімшелері арасында функцияларды қайта бөлуді және облыс әкімінің аппаратының жобалық офисінің функцияларын Экономика басқармасына беруді ұсынамыз.

1. Құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын жоспарлау және болжау жөніндегі функцияларды қайта бөлу.

Бюджетті жоспарлау және құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын болжау бөлімінің функционалдық жүктемесін ескере отырып, құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын жоспарлау және болжау жөніндегі функцияларды әлеуметтік шығыстарды жоспарлау бөліміне беру ұсынылады. Бұл ретте бюджеттік жоспарлауды жүзеге асыратын бөлімшенің міндеттерін кірістер

болжамын қалыптастыруға және бюджет жобасын әзірлеуге басымдық бере отырып нақтылау қажет.

Функцияларды қайта бөлу құрылымдық бөлімшелердің міндеттері мен жауапкершілік салаларын ажыратуға, жұмыс жүктемесін оңтайландыруға және бюджеттік өтінімдерді қарау мен бюджет жобасын әзірлеу кезінде есептік көрсеткіштерді тексеру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар аталған өзгерістер бюджеттік өтінімдерді қарау, кірістерді болжау және бюджет жобасын қалыптастыру кезінде ықтимал сәйкессіздіктердің алдын алуға, сондай-ақ қателіктерді анықтау және түзету рәсімдерінің ашықтығын арттыруға жағдай жасайды.

2. Жобалық кеңсе функцияларын экономика басқармасына беру.

Бюджетті жоспарлау кезінде өзекті ақпаратты пайдалану, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың нақты барысын ескеру және бюджет қаражатына қажеттілікті негіздеу мақсатында облыс әкімінің аппаратының жобалық офисінің функцияларын «Ұлытау облысының Экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесіне беру ұсынылады.

Жобалық кеңестің қызметі шеңберінде «Битрикс» ұлттық жобаларды басқару және мониторингтеу платформасы пайдаланылады. Аталған платформа арқылы бюджеттік бағдарламалар әкімшілері іске асырылып жатқан жобалар туралы ақпаратты, оның ішінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу мәртебесін, құрылыс жұмыстарының барысын, жасалған шарттар мен олардың сомаларын, мердігерлер туралы мәліметтерді және жобаларды іске асыруға байланысты өзге де деректерді орналастырады.

Аталған платформаны пайдалану Басқармаға жобаларды іске асырудың нақты жай-күйін бағалауға, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қолда бар мәліметтермен салыстыруға және жоспарланған қаржыландыру көлемдерін негіздеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жобалар туралы ақпаратты бірыңғай ақпараттық платформа арқылы алу ақпарат алмасудың ашықтығын арттыруға, мәліметтерді алу кезінде лауазымды тұлғалармен тікелей өзара іс-қимыл жасау қажеттілігін азайтуға және адами фактордың ықпалын төмендетуге ықпал етеді.

Осылайша, жобалық кеңес функцияларын Басқармаға беру бюджеттік жоспарлау кезінде нақты деректерді пайдалануға, жоспарланған шығыстардың негізділігін арттыруға, жобаларды іске асырудың нақты жай-күйін ескеруге және ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

6. Қорытынды

Жүргізілген талдау бюджеттік өтінімдердің негізділігін бағалауға, бюджет кірістерінің болжамын қалыптастыруға және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын ақпараттың өзектілігін қамтамасыз етуге байланысты бюджеттік

жоспарлау процесіндегі ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету қажеттігін көрсетеді.

Осыған байланысты:

1. Құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын жоспарлау және болжау жөніндегі функцияларды әлеуметтік шығыстарды жоспарлау бөліміне беру арқылы Басқарманың құрылымдық бөлімшелері арасында функцияларды қайта бөлу.
2. Бюджеттік жоспарлау және кірістерді болжау жөніндегі функцияларды нақтылау.
3. Облыс әкімінің аппаратының жобалық кеңестің функцияларын Ұлытау облысының Экономика басқармасына беру.
4. Бюджеттік өтінімдерді қарау және бюджет жобасын әзірлеу кезінде «Битрикс» ұлттық жобаларды басқару және мониторингтеу платформасында орналастырылатын өзекті ақпаратты пайдалануды қамтамасыз ету.

Ұсынылып отырған өзгерістер Басқарма қызметін оңтайландыруға, бюджеттік жоспарлаудың сапасы мен ашықтығын арттыруға, бюджет шығыстарын нақты қажеттілікке сәйкес жоспарлауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған.

Жұмыс тобының жетекшісі:
Бюджетті жоспарлау және құқық қорғау және мемлекеттік органдар шығыстарын болжау бөлімінің басшысы — М.Т. Жаманов

Жұмыс тобының мүшелері:
Экономика салаларының шығыстарын, бюджеттік инвестицияларды жоспарлау бөлімінің басшысы — К.Ш. Омарова

Әлеуметтік шығыстарды жоспарлау бөлімінің бас маманы — Қ.К. Базылова

Стратегиялық жоспарлау, экономикалық талдау және аумақтарды дамыту бөлімінің бас маманы — А.А. Абдыбекова

Басқарма басшысы — **Н. Абдукалимов**